ҚҰҚЫҚ

АЛДАҒЫ ЖЫЛУ БЕРУ МАУСЫМЫНА ДАЙЫНДЫҚ БАРЫСЫ ҚАРАЛДЫ

2-бетте

АЙМАҚ

ӨНІМІ СҰРАНЫСҚА ИЕ «МАСТЕР-СТАЛЬ»

3-бетте

АҚПАРАТ

ДІН МЕН ДӘСТҮР БІРЛІГІ – ҰЛТ БОЛАШАҒЫНЫҢ КЕПІЛІ

4-бетте

SALYQ TÁRTIBI

Газет 1994 жылғы наурыздан шығады

www.salyq-gazet.kz | РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ | saltar61@mail.ru | №61 (1920) 29 мамыр 2025 жыл

ПРЕЗИДЕНТ

ТҮРКІ МЕМЛЕКЕТТЕРІ ҰЙЫМЫНЫҢ ҚАРЖЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ АРТУДА

Астанада Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Түркі мемлекеттері ұйымына мүше елдердің Орталық (ұлттық) банктері кеңесінің бірінші отырысы өтті.

Жиынды ашқан Президент жуырда Мажарстанда өткен бейресми саммитте Ұйымға мүше мемлекеттер басшылары ынтымақтастықты тереңдетудің маңызын растағанын атап өтті. Тариф саясатының өзгеруінен туындаған жаһандық экономиканың трансформациясы жағдайында мұның мәні арта түсті. Президенттің айтуынша, қазіргі кездегі күрделі өзгерістер қиындықтармен қатар, жаңа мүмкіндіктерге жол ашады. Әсіресе, көлік және логистика, ауылшаруашылығы, цифрландыру мен қаржы сияқты негізгі салаларда күш-жігерді үйлестіру қажет.

– Біздің елдеріміздің әлемдік ІЖӨ-дегі жиынтық үлесі 2010 жылғы 2,4 пайыздық көрсеткіштен 3,1 пайызға дейін ұлғайды. Түркі мемлекеттері ұйымының халықаралық резервтері тұрақты түрде өсіп келеді. Бұл аймақтың макроэкономикалық орнықтылығының артқанын көрсетеді, – деді Президент.

Мемлекет басшысы қаржы секторындағы ынтымақтастықты кеңейту барысында орталық банктер негізгі рөл атқарып, экономикалық және инвестициялық серіктестіктің қозғаушы күшіне айнала алады деп санайды.

– Жиынның күн тәртібіне экономикалық үдерістерге, ақшанесие саясатына, сондай-ақ орталық банктердің цифрлық валюталары, криптовалюталары және цифрлық активтері, яғни, қаржы технологияларын дамытуға қатысты өзекті тақырыптардың енгізілгені қуантады. Қазақстан бұл салада айтарлықтай жетістікке жетті. Атап айтқанда, барлық транзакциялар құрылымындағы қолма-қол ақшасыз төлемдердің үлесі 85 пайызды құрады. Біздің Ұлттық банк аймақта бірінші болып цифрлық теңгені енгізді. Жақын арада цифрлық активтердің, соның ішінде криптовалюталардың, стейблкоиндердің және токенизацияланған құралдардың қауіпсіз айналымын қамтамасыз ететін жаңа ережелерді қабылдау жоспарланып отыр, – деді Мемлекет басшысы.

Кеңес соңында Қасым-Жомарт Тоқаев орталық банктер арасындағы кәсіби диалогтың кеңеюі түркі елдерінің экономикалық әлеуетін іске асыру үшін берік негіз қалайтынына сенім білдірді.

Жиында Қазақстан Ұлттық банкінің төрағасы Тимур Сүлейменов, Әзербайжан Орталық банкінің төрағасы Талех Тахир оглы Кязимов, Қырғызстан Ұлттық банкінің төрағасы Мелис Тургунбаев, Түркия Орталық банкінің төрағасы Фатих Карахан, Өзбекстан Орталық банкінің төрағасы Тимур Ишметов, Мажарстан Орталық банкінің атқарушы директоры Габор Соч және ТМҰ Бас хатшысы Кубанычбек Өмірәлиев сөз сөйледі.

AKORDA.KZ.

ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАЛАРЫ ОРЫНДАЛУДА

ӘУЛИЕАТА ӨҢІРІНДЕ ТУРИЗМ ҚАРҚЫНДЫ ДАМЫП КЕЛЕДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың туризм саласын дамыту жөніндегі тапсырмасына сәйкес, Жамбыл облысында бұл бағытта жүйелі әрі нақты жұмыстар атқарылып жатыр. Президенттің айтуынша, туризм – жаһандық экономикаға ықпал ететін, елдің инвестициялық тартымдылығын арттыратын маңызды сала. Қазақстанда экологиялық, мәдени, тарихи және іскерлік туризмді дамытуға барлық мүмкіндік бар екенін атап өткен Мемлекет басшысы бұл бағыттағы бастамаларды қолдаудың маңыздылығына тоқталған еді.

Осы тапсырма аясында Жамбыл облысында жалпы құны 17,6 миллиард теңгені құрайтын 25 инвестициялық жоба жүзеге асырылуда. Бұл жобалар өңірде 350-ге жуық жаңа жұмыс орнын құруға жол ашпақ. Биыл туристердің сұранысына толық жауап бере алатын, заманауи инфрақұрылыммен жабдықталған үш демалыс орны іске қосылады. Солардың бірі – жақында Тараз қаласындағы «Тектұрмас» этно-тарихи кешенінде ашылған «Көне қамал» қорғаны. Жоба аясында ұзындығы 220 метрге дейін созылған, жасанды тастармен көмкерілген көркем қорған бой көтерді. Ортағасырлық сәулет үлгілерімен үйлестірілген бұл нысан алдағы уақытта түрлі мәдени іс-шаралар мен қолөнер көрмелерін ұйымдастыру алаңына айналмақ.

Өңірдегі туристік инфрақұрылымды дамыту да қарқын алған. Қазіргі таңда облыстағы 40 туристік нысанды қамтитын 10 жаңа бағыт бойынша жолдарды жаңарту жұмыстары жүргізілуде. Мәселен, Жуалы ауданындағы «Көксай Resort» демалыс орнына апаратын 19,5 шақырым жол құрылысы маусым айының басында толық аяқталады деп күтілуде. Сонымен қатар, Жамбыл ауданындағы «Таскөл» нысанына дейінгі 2,8 шақырым жол төселіп, абаттандыру жұмыстары жүргізілуде. «Алмалы» демалыс орнына апаратын 12,5 шақырым жолдың 7,5 шақырымы аяқталған, қалған 5 шақырым жол маусымға дейін толық салынады. Бұдан бөлек, екі демалыс орнына газ тарту жұмыстары да жоспарда бар. Ұзындығы 40,3 шақырымды құрайтын газ құбыры жобасы іске асқан жағдайда, туристер үшін қызмет сапасы арта түсетіні сөзсіз.

Аймақтағы туристік бизнесті қолдау да назардан тыс қалған жоқ. Қазір 18 туристік бизнес субъектісі мемлекеттік қолдауға ие болып отыр. Сонымен бірге, туристерге өңір туралы толық әрі ыңғайлы ақпарат ұсыну мақсатында арнайы ақпараттық терминалдар орнатылды. «Март» пен «Firkan» сауда орталықтарында, «Әулие Ата» халықаралық әуежайында және «Тараз» теміржол вокзалында орналастырылған бұл терминалдардан туристер қонақ үйлер, тамақтану орындары, көлік қызметтері мен көрікті жерлер туралы толық ақпаратты «бір терезе» қағидаты бойынша ала алады.

Жамбыл облысы туризмді экономиканың серпінді саласына айналдыру бағытында жоспарлы әрі тиімді қадамдар жасап келеді. Тарихы терең, табиғаты тамаша өлке алдағы уақытта да ішкі және сыртқы туристер үшін тартымды бағыттардың біріне айналатыны анық.

Н. ҒАЛЫМ.
Жамбыл облысы.

ПРОКУРАТУРА ПӘРМЕНІ

ЖАМБЫЛДЫҚ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫ ҚОРҒАЛДЫ

Жамбыл облысы прокуратурасы балалардың құқықтары мен әлеуметтік кепілдіктерін қорғау аясында маңызды мәселеге назар аударып, нақты нәтижеге қол жеткізді. Облыста оқушылардың қоғамдық көлікте жеңілдікпен жүру құқығы толықтай қалпына келтірілді.

Тексеру барысында облыс аумағындағы қоғамдық көліктерде электронды төлем жасау кезінде мектеп оқушыларына заңмен бекітілген жеңілдіктің сақталмай келе жатқаны анықталды. Атап айтқанда, банк карталары немесе мобильді қосымшалар арқылы төлем жасаған жағдайда оқушылардан толық жол ақысы— 100 теңге алынған. Бұл — ересек жолаушыларға арналған тариф. Алайда, қолданыстағы заңнама бойынша мектеп оқушылары (1-11 сынып) үшін жол ақысы небәрі 50 теңге болуы тиіс.

Осы олқылықтың салдарынан облыс оқушыларына арналған мемлекеттік жеңілдік іс жүзінде қолданылмай келген. Бұл жағдай прокуратураның араласуымен шешімін тапты. Құқық қорғау органының бастамасымен және тиісті органдармен бірлескен жұмыстың нәтижесінде оқушылар үшін арнайы «виртуалды мектеп тарифі» енгізілді.

Жаңа төлем жүйесі 230 мыңнан астам оқушыны қамтып отыр. Енді балалар «QR»-код арқылы төлем жасау кезінде жеңілдетілген тарифпен — 50 теңгемен жол ақысын төлей алады. Бұл бастама балалардың мүддесін қорғап қана қоймай, әлеуметтік әділеттілікті де қалпына келтірді.

Жамбыл облысының прокуратурасы алдағы уақытта да балалардың құқықтарын қорғауға және әлеуметтік қолдау шараларының орындалуын қадағалауға басымдық беретінін мәлімдеді.

Н. ҒАЛЫМҚЫЗЫ.
Жамбыл облысы.

ЖАЗЫЛЫМ - 2025

ҚАДІРМЕНДІ ОҚЫРМАН!
Республикалық «SALYQ TÁRTIBI» газетіне 2025 жылға жазылу науқаны жалғасуда. Газетімізге кез келген Қазпошта бөлімшесі арқылы жазылуға болады.

ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАР ҮШІН:
6 айға – 4 320,00 теңге
12 айға – 8 640,00 теңге

ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАР ҮШІН:
6 айға – 9 051,00 теңге
12 айға – 18 102,00 теңге

АУЫЛ ТҰРҒЫНДАРЫ ҮШІН:
6 айға - 4 320,00 теңге.
12 айға - 8 640,00 теңге.
Жазылым индексі: 65604

АУЫЛ ТҰРҒЫНДАРЫ ҮШІН:
6 айға – 4 620,00 теңге
12 айға - 9 240,00 теңге.
Жазылым индексі: 15604

Ел аумағындағы елеулі жаңалықтарды, өзекті мәселелерді тарқатып жазатын сүйікті басылымыңызға жазылуды ұмытпаңыз.

ҮКІМЕТ

АЛДАҒЫ ЖЫЛУ БЕРУ МАУСЫМЫНА ДАЙЫНДЫҚ БАРЫСЫ ҚАРАЛДЫ

Премьер-Министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында жылыту маусымының қорытындысы және алдағы жылу беру маусымына дайындық барысы қаралды.

Онда Энергетика вице-министрі Сұңғат Есімханов, отын жеткізу және инженерлік инфрақұрылымның жай-күйі туралы Өнеркәсіп және құрылыс министрі Ерсайын Нағаспаев, «KEGOC» АҚ басқарма төрағасы Нәби Айтжанов ұлттық энергетикалық жүйенің жұмысы туралы, «Самұрық-Энерго» компаниясының басқарма төрағасы Қайрат Мақсұтов энергия көздеріндегі жөндеу жұмыстарының барысы туралы баяндама жасады.

Өткен жылыту маусымында халық пен коммуналдық-тұрмыстық сектор толығымен көмірмен қамтамасыз етілді – 7,9 миллион тонна, оның ішінде халыққа 5,7 миллион тонна көмір жеткізілді, деп хабарлады Ерсайын Нағаспаев. Өңірлердегі қатты отын қоры шамамен 350 мың тоннаны құрайды. Алдағы күзгі-қысқы маусымға дайындық аясында еліміздегі электр стансаларында 10 энергоблок, 63 қазандық және 39 турбинаға жөндеу жұмыстары жоспарланған. Энергетика министрлігінің мәліметінше, бүгінде 4 энергоблок, 19 қазандық пен 10 турбинада түрлі кезеңдердегі жұмыстар жүргізіліп, 1 энергоблок, 2 қазандық пен 1 турбинада жұмыс аяқталды. Орталықтандырылған жылумен қамту аймағындағы 66 қазандықтың 44-ін реконструкциялау жоспарланып отыр.

Премьер-Министр өткен жылыту маусымы қалыпты деңгейде өткенін, ал қыста технологиялық бұзушылықтар саны 10 пайызға төмендегенін атап өтті. Қабылданған шаралар жылу стансаларын жаңғырту жұмыстарын қаржыландыруды 44 пайызға, жылу желілеріне шамамен 30 пайызға ұлғайтуға мүмкіндік берді.

«Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша ең алдымен 19 жылу орталығын жаңғырту жұмыстары аяқталды. Тозығы жеткен қалған барлық жылу стансалары мен желілерін жөндеуді жалғастыру қажет. Біздің міндетіміз – халықты жылумен және электр энергиясымен сапалы қамтамасыз етіп, қолданыстағы жабдықтардың пайдалану мерзімін қауіпті деңгейге жеткізбеу. Ал, ол үшін энергия көздері мен желілердің негізгі жабдықтарын жөндеу және ауыстыру жұмыстарын тұрақты әрі жоспарлы түрде жүргізу қажет. Жөндеу науқанының белсенді кезеңі енді басталып жатыр, сондықтан алдағы жаз айларында күшейтілген режимде жұмыс істеу қажет. Арқаны кеңге салатын уақыт жоқ. Барлық жұмыс белгіленген мерзімде және толық көлемде орындалуға тиіс. Талап қатаң болады», — деп атап өтті Олжас Бектенов.

Үкімет тарапынан қажетті қолдау көрсетіліп жатқаны баса айтылды. Премьер-Министр осы айда Астана, Көкшетау, Риддер және Қызылорда қалаларындағы жылу көздерін жаңғырту үшін резервтен 25 миллиард теңге бөлу туралы қаулыға қол қойды. Олжас Бектенов Үкімет бұл қаражаттың тиімді жұмсалуын және одан алынған нәтижені бақылайтынын атап өтті.

Премьер-Министр бірқатар өңірдегі энергия көздерін жөндеу жұмыстарының кешеуілдеу қаупіне назар аударды. Мәселен, Семей қаласында қазандықтарды жөндеу жұмыстары әлі басталған жоқ. Ал, Маңғыстау облысында «МАЭК-тің» 2-ші Жылу орталығындағы турбинаны жөндеу тиісті жұмыс тәжірибесі жоқ құрылыс компаниясына берілген. Қостанай облысында Рудный жылу электр орталығындағы турбинаны жөндеу 10 сәуірден бері басталған жоқ. Арқалық жылу стансасындағы қазандық бойынша да осындай жағдай қалыптасып отыр. Ұлытау облысы Сәтбаев қаласындағы қазандықтарды жөндеу жұмыстарының қарқыны да тым баяу.

«Мұндай кемшіліктер өңірлердің бәрінде дерлік кездеседі және ол тиісті бақылаудың жоқтығын білдіреді. Әкімдіктер министрліктерге сілтеп немесе қаражаттың жоқтығын, конкурстарды сылтауратып, бұл жұмысты назардан тыс қалдыруға болмайды. Жылыту маусымына дайындық – әкімдіктердің алдағы үш ай ішіндегі негізгі міндеті», — деп атап өткен Премьер-Министр бірқатар тапсырма берді.

Өңір әкімдіктеріне барлық конкурстық рәсімдерді екі апта мерзімде аяқтап, жөндеу жұмыстарына нақты кірісу жүктелді. Биыл іске қосу жоспарланып отырған жаңа жылу нысандары бойынша барлық жұмысты тамыз айынан кешіктірмей аяқтау қажет. Әкімдерге жылу нысандарына апта сайын барып, жағдайды жеке бақылауға алуды және барлық туындаған тәуекелдер бойынша шұғыл әрекет етуді тапсырылды.

Энергетика және Өнеркәсіп министрліктері, өңір әкімдіктері 10 маусымға дейін жылыту маусымына дайындық жоспарларын нақтылауы керек. Солтүстік, орталық және шығыс өңірлерде барлық инженерлік инфрақұрылым мен тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық нысандары 15 қыркүйекке дейін, ал қалған өңірлерде 15 қазанға дейін толықтай әзір болуы тиіс.

«KEGOC» компаниясына Энергетика министрлігімен бірлесіп, 15 маусымға дейін алдағы жылыту маусымында ұлттық маңызы бар стансаларға арналған жабдықтардың жұмыс режимдерін бекіту тапсырылды. Жөндеу мерзімдерін ауыстыруға немесе жұмыс көлемін азайтуға жол берілмейді. Премьер-Министр әрбір факт бойынша меншік иелеріне, сол сияқты басқарушы компанияларға қатысты шаралар қабылданатынына назар аударды.

Энергетика министрлігі Көлік министрлігімен және әкімдіктермен бірлесіп, 1 қыркүйекке дейін жылу көздері мен түйіқтарда отын қорын алдын ала жинақтауды қамтамасыз етуі қажет.

Үкімет Аппаратына өңірлердің жылу беру маусымына әзірлік барысына тұрақты негізде бақылау жасау міндеті жүктелді.

ҚР ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

ҚОҒАМ ДЕРТІ

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ӘСЕРІ

Адам өмірінің әртүрлі салаларындағы сыбайлас жемқорлықтың көрінісі біздің еліміздің ғана емес, сонымен қатар, халықаралық ауқымның проблемасы болып табылады. Өйткені, ол барлық елдерде, олардың саяси құрылымы мен экономикалық даму деңгейіне қарамастан, нарықтық экономикасы бар демократиялық мемлекеттерде де орын алады.

Сыбайлас жемқорлық қоғамның барлық салаларына: экономикаға, саясатқа, әлеуметтік салаға үлкен әсер етеді және осы құбылыс тудыратын жағымсыз салдарлар қоғамның дамуына кедергі келтіріп қана қоймай, мемлекетіміздің ұлттық қауіпсіздігінің мүдделеріне нақты қауіп төндіреді. Саясаткерлер де, жоғары мемлекеттік шенеуніктер де сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің қажеттілігі туралы айтады, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мемлекеттік органдар үшін де негізгі басымдықтардың бірі ретінде айқындалған. Сонымен қатар, стратегиялық бағыттардан басқа, мемлекеттік органдар сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алу және оларға жол бермеу жөніндегі шаралар кешенін тұрақты негізде жүргізеді. Өйткені, сыбайлас жемқорлық әлеуметтік құбылыс ретінде мемлекеттік қызмет органдарының имиджіне теріс әсер етеді, азаматтардың сеніміне нұқсан келтіреді.

Еліміздің «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңында көрсетілген ұйғарымға сәйкес, сыбайлас жемқорлық – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың жеке өзі немесе делдалдар арқылы мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе алу мақсатында өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және олармен байланысты мүмкіндіктерді заңсыз пайдалануы, өзіне не үшінші тұлғаларға пара беру, сол сияқты осы тұлғаларға игіліктер мен артықшылықтар беру арқылы пара беру. Сыбайлас жемқорлық қоғамның мүдделеріне, мемлекеттің мүдделеріне қайшы келетін мемлекеттік функцияларды жеке мүдделер үшін пайдаланудан басқа ештеңе емес. Ең бастысы - сыбайлас жемқорлықтың көрсетілетін қызметтердің сапасын төмендету, көлеңкелі экономиканың өсуіне жағдай жасау, қылмыстық күштердің ұстанымын нығайту сияқты даусыз теріс салдарларының болуы.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері ел өзінің даму сатысында болған кезде әрқашан жоғары болады. Қазақстан қазір модернизацияны ғана емес, қоғамдық, мемлекеттік және экономикалық негіздердің айтарлықтай өзгеруін бастан кешуде. Қазіргі уақытта қазақстандық қоғамда болып жатқан жас тәуелсіз мемлекеттің қалыптасуына тән процестер сыбайлас жемқорлық қылмысқа қарсы іс-қимылды күшейту қажеттілігін өзектендіреді. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, сыбайлас жемқорлық өтпелі кезең елдерінің сөзсіз атрибуты болып табылады. Қазақстанда бұл ең алдымен экономикалық, институционалдық және әлеуметтік-мәдени себептер сияқты бірқатар объективті себептермен байланысты.

Қазақстан үшін сыбайлас жемқорлықты еңсеру мемлекеттік саясаттың басты бағыттарының бірі болып табылады. Оның басымдығын Мемлекет басшысы нақты белгілеген. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің мемлекеттік бағдарламасында сыбайлас жемқорлық әлеуметтік-экономикалық даму, нарықтық экономика құру, инвестициялар тарту процесін тежейтіні және демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына теріс әсер ететіні, елдің болашақ дамуына елеулі қауіп төндіретіні атап өтілген. Республикада сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес үшін заңнамалық база, сондай-ақ экономика саласындағы құқықбұзушылықтарға қарсы күреске бағытталған бірқатар бағдарламалар және тағы басқа қалыптастырылды. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңы азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін сыбайлас жемқорлық көріністерінен туындайтын қатерлерден қамтамасыз етуге, мемлекеттік органдардың, мемлекеттік функцияларды орындайтын лауазымды және басқа да адамдардың, сондай-ақ оларға теңестірілген адамдардың құқықбұзушылықтардың алдын алу, анықтау, жолын кесу және ашу жолымен тиімді қызметін қамтамасыз етуге бағытталған. Сыбайлас жемқорлықтың салдарын жоюға және кінәлілерді жауапқа тартуға байланысты, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің негізгі қағидаттарын айқындайды. Сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқықбұзушылықтардың түрлерін, сондай-ақ жауапкершіліктің басталу шарттарын белгілейді.

Қазіргі әлемде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейту жұмыстары үздіксіз жүргізілуде және үнемі жетілдірілуде. Әрбір ел қабылдайтын сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес әдістерінің ерекшелігі бірегей және тек саяси және экономикалық тұрақтылыққа ғана емес, сонымен қатар әдет-ғұрыптар мен дәстүрлерге, діни ерекшеліктер мен құқықтық мәдениет деңгейіне, сондай-ақ алып жатқан аумақтың ауданына, тығыздығына, халық санына байланысты.

Осыған байланысты, Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске бағытталған өзінің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын құруда. Стратегияның мақсаты мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының тиімділігін арттыру, сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне «нөлдік» төзімділік атмосферасын құру арқылы бүкіл қоғамды сыбайлас жемқорлыққа қарсы қозғалысқа тарту және Қазақстанда сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендету болып табылады.

Осылайша, қазіргі қоғамдағы сыбайлас жемқорлық көріністерін жою біздің елімізге дамыған елдер арасында лайықты ұстанымға ие болуға мүмкіндік береді.

Е. КЕНШІМОВ,
Мойынқұм ауданы әкімдігінің экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінің басшысы.
Жамбыл облысы.

БІРГЕ КҮРЕСЕЙІК

Жемқорлық – мемлекеттің, қоғамның дамуына тежеу болатын, болашағына кесірін тигізетін індет. Бұл кесел дамушы елдердегідей біздің мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіруде.

Өйткені, жемқорлық қоғамның бақытты болашағын тежеп, елдің халықаралық беделіне нұқсан келтіреді. Халықтың Заң мен әділдікке, билікке деген сеніміне сызат түсіреді. Сыбайлас жемқорлықпен күресу бүгінгі күннің күрделі мәселесі болып отыр. Оған осы бастан тоқтау қоймаса, мемлекетте тұрақты өсіп-өркендеу болмайды. Сондықтан да Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі осы зұлымдықпен күресу болып табылады. Біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ. Қоғамның барлық күш жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі таралмауы үшін оған бөгет болудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде түбегейлі қарсы тұруға болады. Ендеше сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы және адамгершілік міндеті деп білуіміз керек.

Жемқорлықпен күрес арнайы дайындалған мемлекеттік бағдарлама негізінде жүзеге асырылуда. Елімізде осы мәселеге байланысты арнайы қабылданған заңдар да, атқарылып жатқан түрлі жұмыстар да баршылық, дегенмен бұл мәселе әлі толық шешімін тапқан жоқ. Ендеше, жас буынға жемқорлықтың теріс салдары туралы ақпаратты дұрыс жеткізу олардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетінің қалыптасуына, өз құқықтары мен міндеттерін терең ұғынып жете түсінуіне және орындауына көмектесудің алғы шарттарының бірі болып саналады. Атап айтқанда, ол үшін ең алдымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана керек. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана қалыптасқан жағдайда ғана адам адамгершілікке жат қылықтардан бойын аулақ ұстай бастайды, заңға қайшы келетін әрекеттерді жасауға жол бермейді.

Қарапайым тілмен айтатын болсақ, сыбайлас жемқорлық – қызмет дәрежесін жеке мақсатта пайдалану. Яғни, осы келеңсіз құбылыспен күресу барша халықтың алдында тұрған ортақ мәселе екендігі айқын. Сондықтан кез-келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз керек. Парақорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне абыройсыздық ұялатады, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түртті болады.

Қазіргі таңда қоғамымызға қауіп төндіріп, орасан кесел келтіретін осынау келеңсіз әлеуметтік құбылысқа қарсы шаралар қатаң қолға алынып жатыр. Еліміздің өркениетін дамытқысы келетін, өз ортасын құрметтейтін әрбір азамат мемлекеттің ішіндегі тәртіпті белгілі бір жүйеге келтіруге, ел ішіндегі қауіпсіздікті қамтамасыз етуге мүдделі және оның алдындағы басты парызы. Қоғаммен бірге өркендеп, етек жайып, етене сіңісіп келе жатқан бұл кеселдің тереңнен құлаш жаймауына өз үлесімізді қосу және оған тосқауыл болу – біздің басты міндетіміз.

А. КЕНЕТАЕВ,
Мойынқұм ауданы әкімі аппаратының әдеп жөніндегі уәкілі.
Жамбыл облысы.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ

ӘДЕП ПЕН ТӘРТІП – ҚЫЗМЕТ ЭТИКАСЫНЫҢ НЕГІЗІ

Тараз қаласында мемлекеттік қызметшілер арасында әдеп нормаларын сақтау, қызметтік тәртіп пен кәсіби мәдениетті арттыруға бағытталған семинар өтті. Іс-шараны ұйымдастырған – Қазақстан Республикасы Сот әкімшілігінің Жамбыл облысы бойынша департаменті. Семинарға облыс соттарының аппарат қызметкерлері мен департаменттің мамандары қатысты.

Жиын барысында департамент басшысының орынбасары – әдеп жөніндегі уәкіл Гүлдана Турдыева сөз алып, мемлекеттік қызметшілердің күнделікті жұмысындағы этикалық ұстанымдардың маңызына тоқталды. Ол әріптестерін Әдеп кодексінің талаптарын мүлтіксіз сақтауға, кәсіби әдептілік пен азаматтармен қарым-қатынастағы мәдениетті ұстануға шақырды.

Департаменттің Мемлекеттік қызмет саласындағы бақылау басқармасының бас маманы Салтанат Жүзбаева іскерлік этика, қоғамдық орындардағы жүріс-тұрыс пен ойын-сауық мекемелерінен бойды аулақ ұстау мәселелері бойынша нақты мысалдар келтіріп, түсіндірме жұмысын жүргізді. Ол сондай-ақ қызметтен тыс уақытта да мемлекеттік қызметші мәртебесіне сай әрекет ету қажеттігін баса айтты.

Семинар аясында құжат айналымы бөлімінің бас маманы Айнұр Өзбекова сот жүйесінде мемлекеттік тілдің қолданылуы туралы баяндама жасап, осы бағыттағы жұмыстар мен жетістіктерге тоқталды. Ол мемлекеттік тілді кеңінен қолдану – тек заң талабы емес, сонымен қатар, мемлекеттік қызметшінің мәдениеті мен патриоттық көзқарасының айғағы екенін атап өтті.

Кездесуде ішкі қауіпсіздік бөлімінің аға сот приставы Асылжан Өмірбаев та сөз сөйлеп, сот ғимаратының қауіпсіздік режимі, терроризмге қарсы қорғану шаралары және төтенше жағдайлар кезіндегі іс-қимыл алгоритмдері бойынша қатысушыларға жан-жақты ақпарат ұсынды.

Семинар соңында Гүлдана Турдыева мемлекеттік қызметтің мәртебесі мен маңызын ескеріп, әрбір қызметкердің өз жұмысына жоғары жауапкершілікпен қарауы қажеттігін еске салды. Оның айтуынша, мемлекеттік қызметші – халық сенімінің иесі, сондықтан олардың әрбір әрекеті заңға да, қоғам талаптарына да сай болуы тиіс.

Мұндай іс-шаралар қызметшілер арасында кәсіби мәдениетті арттырып қана қоймай, құқықтық сананы күшейтіп, сапалы мемлекеттік қызмет көрсетуге де өз ықпалын тигізері сөзсіз.

Қ. ИЕМБЕРДИЕВ.
Тараз қаласы.

СПАРТАКИАДА

СУДЬЯЛАР САЛАМАТТЫ ӨМІР САЛТЫН НАСИХАТТАУДА ҮЛГІ КӨРСЕТТІ

Тараз қаласында Қазақстан Республикасы Судьялар одағының XI спартакиадасының Оңтүстік аймақтық іріктеу ойындары өтті. Мамырдың 22-23 күндері Жақсылық Үшкемпіров атындағы «Тараз-Арена» спорт кешенінде ұйымдастырылған бұл спорттық іс-шараға Алматы, Шымкент қалаларынан және Жамбыл, Түркістан, Жетісу, Алматы облыстарынан келген судьялар қатысты. Аймақтық соттардың төрағалары, мемлекеттік және құқық қорғау органдарының басшылары арнайы келіп, қатысушыларға сәттілік тіледі.

Жамбыл облыстық сотының төрағасы Ербол Ахметжанов, облыс әкімдігі аппаратының басшысы Лесбек Ілебаев және сот жүйесінің ардагері Серік Байбатыров салтанатты ашылу рәсімінде сөз сөйлеп, судьялар арасындағы бұл игі дәстүрдің қоғамға оң әсер беріп, саламатты өмір салтын насихаттауда ерекше рөл атқаратынын атап өтті.

Спартакиада бағдарламасы бойынша судьялар 9 спорт түрінен сынға түсті. Атап айтқанда, кіші футбол, волейбол, үстел теннисі, үлкен теннис, шахмат, дойбы, бильярд, арқан тарту және тоғызқұмалақ секілді спорт түрлері бойынша командалық және жекелей жарыстар ұйымдастырылды. Жарыс барысында қатысушылар жоғары деңгейдегі дайындық пен нағыз спортқа тән рухты көрсетті. Қарсыластарына құрметпен қарап, әр ойында әділ ойын үлгісін ұстанған сот қызметкерлері өздерінің тек кәсіби білікті ғана емес, спортты жанына серік еткен жан-жақты тұлға екенін тағы бір дәлелдеді.

Дүбірлі дода қорытындысы бойынша жалпыкомандалық есепте бірінші орынды Алматы қаласының командасы иеленді. Екінші орынды Жетісу облысының, үшінші орынды Түркістан облысының командалары еншіледі. Жарыста ерекшеленген командалар мен жекелеген жеңімпаздар арнайы марапаттармен – медальдармен, кубоктармен және грамоталармен марапатталды.

Бұл спартакиада тек спорттық жарыс қана емес, әріптестер арасындағы байланысты нығайтатын, түрлі өңірлердің судьялары арасында тәжірибе алмасуға мүмкіндік беретін маңызды алаң саналады. Мұндай ауқымды іс-шаралардың жиі өтуі мемлекеттік қызметшілер арасындағы саламатты өмір салтын кеңінен насихаттауға және халықпен сенімді қарым-қатынас орнатуға ықпал ететіні сөзсіз.

А. ӘБІЛ.
Тараз қаласы.

ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАРЫНЫҢ ЖЫЛЫ

МАМУХЖАННЫҢ ӨМІРЛІК «АЛТЫН ҚАҒИДАСЫ»

Энергетика – тіршілікті қамтамасыз етудегі ең маңызды салалардың бірі. Қазіргі заманда ешкім, ешқандай кәсіпорын электр қуатынсыз өмір сүріп, жұмыс істей алмайды. Қарапайым электриктердің қажырлы еңбегінің арқасында біз осы тіршілік үшін аса қажетті қуатпен үздіксіз қамтамасыз етіліп келеміз. Сондай жандардың бірі–25 жылдан астам уақыт бойы Талғар аудандық электр желісінде тұрақты еңбек етіп келе жатқан тәжірибелі қызметкер Мамухжан Итақов.

Оның өте тәжірибелі әрі үздік қызметкер екені бүкіл ауданға белгілі. Мамухжан аудан орталығының іргесіндегі Азат ауылында, қарапайым жұмысшы отбасында дүниеге келген. Әкесі тракторшы болған, бүкіл өмірін колхозға арнаған. Еңбеккор да елезек әкенің берген тәрбиесі мен үлгі-өнегесі Мамухжан үшін өнімді еңбек етіп, қоғамға пайда әкелудің өмірлік «алтын қағидасына» айналды. Бала кезінен ол осы қағиданы бұлжытпай жүзеге асыруға тырысты. Мектепте үштік баға алмай, ылғи төрт пен беске оқыды, техникалық пәндерді жақсы көрді, тіпті үйде сынған барлық тұрмыстық техниканы өзі жөндеді. Техникаға деген әуестік жай қызығушылықтан үлкен нәрсеге айналды, кәмелеттік жасқа толған соң, ол Талғар механикаландыру техникумының электрлендіру бөліміне оқуға түсуге шешім қабылдады.

Әкесі де ұлының таңдауын қуана мақұлдап, тіпті электрлендіру – экономиканың ең маңызды салаларының бірі екенін ерекше ескертті. Осылай Мамухжан кезінде аудан емес, атағы аймаққа кең танылған ТТМ – Талғар механикаландыру техникумын электромонтер мамандығы бойынша бітіріп, қоғамның дамуы үшін аса маңызды бір кәсіптің

иесі атанды. Оқуын бітіргеннен кейін РЭС-ке жұмысқа орналасып, міне ширек ғасырдан аса осы мекемеде электромонтер болып, үздіксіз еңбек етіп келеді. Бұдан басқа, жұмыс бабына қарай, ол кейде қосалқы станса кезекшісінің, кейде бақылаушының жұмысын қоса атқарады. Басшылық оны ең күрделі деген жұмыс учаскелеріне жиі ауыстырып отырады, бұл дегеніңіз оның кәсіби біліктілігі мен тәжірибесіне деген үлкен сенім. Әрине, ол сенім өз-өзінен келмегені белгілі, бұл – 25 жылдық үздіксіз еңбек, тынымсыз ізденіс, өз кәсібіне деген сүйіспеншілік пен адалдықтың жемісі.

Мамухжан Итақов бүгінде Талғар қаласындағы қысқа туйықталулар, электр қуатын жеткізуді үзіліске түсіретін басқа да оқиғалар жиі болатын №2 желілік учаскесіне жетекшілік ететін электромонтер. Бригадада одан басқа тағы алты адам жұмыс істейді. Олардың арасында от пен судан өтіп, көпті көргендер де, Мамухжанның сөзімен айтқанда «әлі сынақтан өтпеген» жас электриктер де бар. Бригадир ретінде Мамухжан олардың бәріне тәлімгер болып, жұмыстарына көмектеседі, күрделі мамандықтың қыр-сырын үйретіп, ұқыптылыққа баулиды.

Ертеректе қалың қар жауып, қаланың орталық көшелерінде электр сымдары үзілген жағдай болды. Апатты жою үшін Мамухжанның бригадасы жіберілді. Жас электомонтерлар толассыз жауып тұрған қар астында 6 сағат бойы тәжірибелі электриктің басшылығымен апаттың салдарын жойды. Өкінішке қарай, сол кезде бригадада алты адамның орнына төрт электромонтер жұмыс істеген. Тиісті мамандардың жетіспейтініне қарамастан, Мамухжан Итақовтың тәжірибесі мен білімінің арқасында бригада аз күшпен тапсырманы жақсы орындап шықты. Бұл РЭС басшылығының көңілінен шығып, өте қуантты. Сөйтіп, Мамухжанның еңбегі үшін Құрмет грамотасы берілді, сондай-ақ жұмыстағы жақсы көрсеткіштері үшін ақшалай сыйлықпен марапаттады.

Жалпы бұл ұжымда еңбек ете жүріп, ол осы кезге дейін осындай 70 апатты жойған екен. Қазір мекемеде 200-ден аса адам жұмыс істейді. Солардың алдында Мамухжан Итақов үлкен бедел мен лайықты құрметке ие. Барлығы ардагерге құрметпен қарайды.

Менің «осы абырой-беделге, шынайы құрметке қалай ие болдыңыз?» деген сұрағыма ол ойланбастан: «Тек қана қажырлы еңбек, осындай сұраныс қа ие мамандығама деген адалдық, жұмыстағы жауапкершілігімнің арқасында шығар», деп жауап берді.

Иә, қарапайым жұмысшы болса да адал әрі қажырлы еңбек, өз кәсібіне деген сүйіспеншілік пен жұмысқа деген жауапкершілік әркімді де абыройға бөлейтіні анық. Ләйім, қоғамда осындай жандар көп болғай!

Қ. ҚОНЫСБАЙ.
Алматы облысы.

ОТАНДЫҚ ӨНІМ

МЕМЛЕКЕТ ҚОЛДАУЫМЕН ҚАЛБЫРЛАНҒАН БАЛЫҚ ШЫҒАРМАҚ

Аралдық Сержан Каримолдаевтың кәсіппен айналысып жүргеніне бес жылдан асты. Кәсібін балықты алып-сатумен бастаған ол бүгінде өңдеуге басымдық беруде.

«Негізгі мамандығым заңгер. Ұзақ жыл құқық қорғау органында қызмет еттім. Саладан зейнетке шыққаннан кейін кәсіппен айналысуды жөн көрдім. Аралдың балығына сұраныс жоғары екенін ескере келе балық сатумен айналыстым», – дейді Сержан Каримолдаев.

Кәсіпкердің ісі алға басып, сұраныс арта бастайды. Ол саланың қыр-сырын меңгере жүріп, нарыққа балықты өңдеп ұсынудың тиімдірек екенін аңғарады.

«Былтыр кәсіпті кеңейтіп, балық өңдеуге қажет құрал-жабдық алу үшін қаржы іздей бастадым. «Қызылорда» Өңірлік инвестициялық орталығы азық-түлік өндірісіне арналған жобаларды қаржыландырып жатқанын естіп, талаптарымен таныстым, өтініш бердім. Нәтижесінде жеңілдікпен 60 миллион теңге несие алдым», – дейді аралдық кәсіпкер.

Аталған қаржы кәсіпкерге жаңа мүмкіндіктер ашты. Бұл қаржыға балықты тазалайтын, турайтын, тұздайтын және вакуумдайтын, сондай-ақ консервілейтін аппараттар, түрлі тоңазытқыштар алған.

«Мемлекеттің осылай қаржылай қолдауы жаңа деңгейге шығуға мүмкіндік беріп отыр. Бұрын тек тұздалған балық шығарып келген болсақ, енді жаңа құрал-жабдықтардың арқасында тұтынушыларға тартылған балық өнімдерін, тұздалған уылдырық пен ысталған балық шығарып жатырмыз. Сонымен бірге, бұл өнімдерді өзіміз вакуумдеп ұсыну мүмкіндігіне ие болдық. Ендігі меже қалбырланған балық шығару. Бұйырса, жақын күндері нарыққа шығарамыз», – дейді Сержан Каримолдаев.

Кәсіпкер бүгінде 15 адамды тұрақты жұмыспен қамтып отыр. Алдағы уақытта 30-ға жеткізуді көздеуде. Айына 20 тоннаға дейін өнім өндіреді. Балық өнімдерінің басым бөлігі Ресейге экспортталады екен.

«Қытайдан да сұраныс түсіп жатыр. Ол үшін шығаратын өнімді тапсырыс берушілердің талабына сай ету қажет. Қазір осы бағытта тиісті шараларды қабылдаудамыз», – дейді кәсіпкер.

Атап өту керек, Қызылорда қаласында азық-түлік өнімдерін өндірумен айналысатын кәсіпкерлер Өңірлік инвестициялық орталық арқылы 3 пайызбен жеңілдетілген несие ала алады. Толығырақ Орталыққа 8 776 886 33 88 немесе 40-03-60, 40-02-37 байланыс нөмірі бойынша хабарласып білуге болады.

«ҚЫЗЫЛОРДА» ӨҢІРЛІК ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

АУЫЛ АМАНАТЫ

БЕРЕКЕЛІ БАСТАМА ПИЛОТТЫҚ АУДАНДАРДА ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУДА

«Ауыл аманаты» – Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен 2023-2029 жылдарға арналған ауылдық аумақтарды дамыту тұжырымдамасы аясында іске асырылып жатқан бас¬тама. Бағдарламаның басты мақсаты – ауыл тұрғындарының табысын еселеп, өмір сүру сапасын жаңа деңгейге көтеру, ауыл инфрақұрылымын заманауи талаптарға сай жаңғырту, кәсіпкерлікті қолдау арқылы жергілікті экономиканың қуатын арттыру.

Қазір Қарағанды өңірінде де «Ауыл аманаты» бағдарламасының алғашқы нәтижелері қылаңыта бастағандай. Облыс аумағында берекелі бастаманы жүзеге асыру алдында жан-жақты дайындық жұмыстары атқарылды. Арнайы сараптама арқылы 156 ауылдық елді мекен қамтылып, әрқайсысының нақты мүмкіндіктері, экономикалық бағыты, әлеуеті жіті зерделенді. Аталған маңызды мәселеге облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев ерекше назар аударып келеді. Аймақ басшысы «Қолайлы несиенің шапағатын ауылдағы әр азамат сезінуі тиіс» деген ұстанымды алға тартып отыр.

Бағдарламаны жүзеге асыру нақты нәтижелермен дәлелденіп келеді. Бүгінде 670-тен астам микрокредит беріліп, нәтижесінде 900-ден астам тұрақты жұмыс орны ашылған.

– Бұл – ауыл халқының тұрмыс сапасын жақсартуға, жастарды туған жерінде тұрақтандыруға бағытталған маңызды жетістік. Жобалардың басым бөлігі мал шаруашылығын дамытуға, ауылшаруашылығы техникасын сатып алуға және өндірілген өнімді қайта өңдеуге бағытталды. Яғни, ауыл экономикасының құрылымын күшейтіп, ішкі нарықтағы бәсекелестік қабілетті арттырып отыр. Ауылшаруашылығымен қатар қызмет көрсету, қолөнер, туризм сияқты салалардағы жобалардың да көбейіп келе жатқаны қуантады, – дейді облыстық ауылшаруашылығы басқармасының басшысы Әнуар Төлебеков.

Нәтиже бар. Өңірде мал басының өсімі тіркелді. 105 бірлік ауылшаруашылығы техникасы сатып алынып, кооперативтер мен жеке шаруашылықтардың техникалық паркі 22 пайызға жаңартылды. Мұндай жаңғырту ауыл еңбеккерінің жұмысын жеңілдетіп, өнімділікті еселей түсері сөзсіз. Жобаны жүзеге асыру үшін 2 миллиард теңге көлемінде қаржы қарастырылып, қомақты қаражат 296 шағын несие беруге әрі 322 тұрақты жұмыс орнын ашуға бағытталу үстінде. Бағдарламаның тиімділігін тереңірек зерттеп, мақсатты түрде іске асыру үшін Ақтоғай, Бұқар жырау және Қарқаралы пилоттық аудандары таңдалды. Енді аталған аудандарда қаржыландыру жұмыстары «Бір ауыл – бір өнім» қағидаты бойынша жүргізілмек.

– Биыл ауданымызда ауылшаруашылығы кооперативтерін құру жұмыстары қарқынды жүріп жатыр. Пилоттық жоба ретінде төрт ауылдық округ таңдалды. Қайнарбұлақта – ет өңдеу, Қаршығалыда– сүт жинау және өңдеу, Егіндібұлақ ауылдық округінде – ет комбинатын ашу, ал, Тегісшілдікте мал азығын дайындау бағытындағы кооперативтер құрылды. Біз әрбір жобаның табысты жүзеге асуына жан-жақты қолдау көрсетеміз, – дейді Қарқаралы ауданының әкімі Әділжан Арғынов.

Ал Бұқар жырау ауданының әкімі Ерлан Құсайынның айтуынша, Орталық ауылдық округте «Ел қазынасы» кооперативі еттің жартылай фабрикаттарын өндіретін цех ашып, жылына 150 тонна өнім өндіріп, 17 адамды жұмыспен қамтымақ. Көкпекті округінде «Karlugash агро 2030» кооперативі базасында сүт бағытындағы ірі жоба жүзеге асады. Бұл жерде тәулігіне 30 тонна сүт өңдейтін цех құрылып, 20 жаңа жұмыс орны ашылады. Аудан орталығында да маңызды жобалар жоспарланған. Атап айтқанда, «Gran corm Botakara» кооперативі 44 адамды жұмыспен қамтып, ірі қара мен ұсақ малға арналған түйіршікті жем өндіретін цех салуды бастайды.

Ел ішіндегі еңбек адамдары енді болашағына сеніммен қарап, өз кәсібін дөңгелетіп, туған жерін түлетуге кірісті. Бұрын армандай ғана айтылатын мүмкіндік бүгінде қолжетімді шындыққа айналуда. Бүгіннен басталған игі қадам – ертеңгі тұрақты табыс, әлеуеті артқан ауыл, жаңарған өмір салты. Бұл – ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев қойған тапсырманың өмірмен ұштасқан көрінісі. Ендігі кезекте әр тұрғынның, әр кооперативтің қолынан келетін іс – осы мүмкіндікті ұтымды пайдалану.

Е.КЕҢЕСБЕКҰЛЫ.
Қарағанды облысы.

КӘСІПКЕРЛІККЕ КЕҢ ӨРІС

ӨНІМІ СҰРАНЫСҚА ИЕ «МАСТЕР-СТАЛЬ»

2011 жылы құрылған «Мастер-Сталь» компаниясы темірден әртүрлі бұйым дайындау бойынша дәнекерлеу цехын ашты.

Компания жетекшісі Виталий Киселев темір бұйымдарды алдымен өз үйінде жасады. Сөйтіп, оның тапсырыстары көбейіп, бастаған ісі өрге жүзді. Бұйымдардан түскен қаражаттың бір бөлігі өнім түрлерін көбейтуге жұмсалды. Әсіресе, сапаға мән беріліп, жаңа құрылғылар сатып алынды.

Кәсіпкер ісіне аса жауапкершілікпен қарайтындықтан тұтынушылар саны да артты. Сөйтіп, кәсібінің өрісі кеңейе түсті. Нәтижесінде жұмысшылар алып, дәнекерлеушілер мен көмекшілері қасынан табылды. Кәсібі одан сайын өркен жайды.

Дәл осы сәтте «Даму» қорының көмегін пайдаланып, субсидиялау мен кепілдік беру құралдарын қолданды. Осылайша «Кәсіпкерлікті дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған ұлттық жобасы» бағдарламасы шеңберінде «Банк Центр Кредит» АҚ-на жүгініп, қаражатқа қол жеткізді. Сол ақшаға барлық талапқа сай кең цех ашу үшін жер сатып алып, үш жыл ішінде кәсіпкер өз ұжымымен бірге жайлы да жылы дәнекерлеу цехын салды.

Сондай-ақ кәсіпкер жұмысқа қажет басқа да құралдар мен сапалы дәнекерлеу машиналарын сатып алды. «Мастер-Сталь» ЖК Талдықорған қаласы бойынша темір бұйымдарын дайындауда көшбасшылардың бірі саналады. Бұл кәсіп Талдықорған қаласында ғана емес, Жетісудың басқа өңірлерінде де жоғары беделге ие. Бүгінгі таңда тұтынушылар тарапынан сұраныс көп, тапсырыс барлық өңірден қабылданады.

А. БАЙЖҰМАҚЫЗЫ.
Талдықорған қаласы.

ЗАҢ ТАЛАБЫ

ПЕДАГОГТЕРДІҢ ЕҢБЕК ҚҰҚЫҚТАРЫ ҚОРҒАЛУДА

Биыл облыстық білім қызметкерлері кәсіподағының құқықтық инспекция қызметінің табысты жұмыс істеп келе жатқанына 15 жыл толып отыр. Бұл институттың бастауында ардагерлеріміз, білім қызметкерлері кәсіподағының бұрынғы басшысы Гүлсін Орынбаева мен орынбасары Виктор Беженаров тұр. Аталған құқықтық инспекцияның басты мақсаты – кәсіподақ мүшелеріне құқықтық көмек көрсету, құқықтары мен мүдделерін қорғау.

Қордай ауданындағы бастауыш кәсіподақ ұйымдарының құрамына аудандық білім бөлімі, 47 жалпы білім беретін мектеп, 4 жеке меншік бастауыш мектебі, 12 қосымша білім беру ұйымы, 18 балабақша, бір жеке меншік пен бір мемлекеттік колледж кіреді. Құқықтық инспектордың міндеті – білім беру мекемелеріндегі еңбек заңдылығының бұзылмауын қадағалау, бұзушылық орын алған жағдайда заң аясында түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, заң бұзушылықтың алдын алып кеңес беру.

Мәселен, аудандағы Қайрат Рысқұлбеков атындағы орта мектепте ағылшын тілі пәні мұғалімі Л.Абильдиноваға, дене шынықтыру пәні мұғалімі А.Махаматдиновқа, информатика пәні мұғалімі Н.Кусайноваға жоғары педагогикалық білімі туралы құжаты бола тұра оларға орта арнаулы маман ретінде жалақы төленіп келген. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы «Мемлекеттік ұйымдар педагогтерінің жалақысын есептеу қағидаларын бекіту туралы» №191 бұйрығының 6-тармағын және 2024-2026 жылдарға арналған ұжымдық шарттың 7.7. тармағын басшылыққа алып, мекеме басшысының атына еңбек жалақысына қайта есептеу жүргізу туралы тоқтам толтырылды. Бүгінгі таңда аталған үш қызметкер еңбек жалақысын жоғары білімді маман ретінде алуда. Қаңтар айында еңбек жалақысы дұрыс есептелмеген Л.Абильдиноваға 65152, А.Махаматдиновқа 21776, Н.Кусайноваға 106613 теңге төленді.

Ал, Отар ауылындағы №3 Балалар мен жасөспірімдер шығармашылық орталығының қосымша білім беру педагогі Н.Бақберген педагог модератор біліктілік санатына тиісті қосымша ақы төленбегені туралы арызданды. Оның арызын қарау барысында бірқатар кемшілік анықталып, мекеме тарапынан педагог-модератор санатына төленбеген 1253443 теңге Н.Бақбергеннің есебіне өндіріліп берілді.

Бұдан бөлек, №1 Дінмұхамед Қонаев атындағы мектеп-гимназиясы мен Ахмет Байтұрсынов атындағы мектептерді тексеру барысында Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2023 жылғы 21 шілдедегі №224 бұйрығына сәйкес мектепте кітапхана меңгеруші мен кітапхана лауазымдары болу керек екені дәлелденіп, 2024-2025 оқу жылына штаттық кестеге сай кітапхана меңгерушісі мен кітапхана лауазымы толықтырылып, беріліп отыр.

Аудандағы №4 Балжан Бөлтірікова атындағы мектеп-лицейінің информатика пәні мұғалімі Г.Сулеймановаға «Ақпаратты өңдеу және басқарудың автоматандырылған жүйелері» дипломымен 2000 жылдан бастап педагогикалық қызмет атқарып келгеніне қарамастан, 2024-2025 оқу жылында педагогикалық қызметті ары қарай жалғастыруға шектеу қойып жатқандығы туралы арыз түсті. Г.Сулеймановаға Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі №480-V Құқықтық актілер туралы Заңының 43-бабына сай Нормативтік құқықтық актінің күші ол қолданысқа енгізілгенге дейін туындаған қатынастарға қолданылмайтындығы, азаматтарға жаңа міндеттерді жүктейтін немесе олардың жағдайын нашарлататын заңдардың кері күші болмайтындығы, жауаптылықты белгілейтін немесе күшейтетін заңдардың кері күші болмайтыны туралы мекеме басшысына да, арызданушыға да жеткізілді. Бүгінгі таңда Г.Сулейманова өз лауазымында қызметін толық атқаруда.

Осы сияқты, №14 Ә.Нүсіпбаев атындағы орта мектептің технология пәні мұғалімі Н.Тоққожа өзін жұмыстан заңсыз шығарды деп арызданған болатын. Арыз бойынша жоспардан тыс тексеру жұмыстары жүргізіліп, қызметкер мекеме басшысының бұйрығымен заңсыз жұмыстан босатылғаны анықталды. Мектеп директорының атына Н.Тоққожаны қайта өз жұмыс орнына орналастыру, бос жүруге мәжбүр болған күндеріне өтемақы төлеп беру туралы тоқтам толтырылып берілді. Бүгінгі таңда технология пәні мұғалімі өз жұмысын атқаруда.

Ай сайын жоспарлы тексеру кезінде көптеген заңбұзушылықтар еңбек қатынастарын рәсімдеу кезінде жіберілгені анықталды. Мәселен, қызметкерлерді жұмысқа қабылдау, басқа лауазымға не қызметке ауыстыру, толық сағат жүктеме беру немесе жұмыста болмаған қызметкердің орнын алмастыру, іссапарға жіберу тағы сол сияқты бұйрықтарды рәсімдеген кезінде қолданыстағы еңбек заңнамасының баптарына сілтеме жасамай бұйрық шығарылған жағдайлар көп кездеседі. Бұл Қазақстан Республикасының Еңбек кодексімен және «Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда құжаттама жасау, құжаттаманы басқару және электрондық құжат айналымы жүйелерін пайдалану қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2023 жылғы 25 тамыздағы №236 бұйрығымен жұмыс істемейтіндігін айғақтайды.

Құқықтық инспекция тек педагогтердің ғана құқықтарын емес, мекеме басшылары мен олардың орынбасарларының да құқықтарын қорғайтын бірден бір күш деп айтуға болады. Аудандық білім бөлімінің еңбек дауларын шешу жөніндегі келісу комиссиясы атына Қарасай ауылындағы Балалар мен жасөспірімдер шығармашылық орталығының қосымша білім беру педагогі А.Есенбаев пен директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Г.Бердыбаевадан өтініш түскен. Олардың арыздарын қарау барысында еңбек кітапшаларында олардың атқарып отырған лауазымдарының қате жазылғаны белгілі болып, қате түзетілді. Бүгінгі таңда А.Есенбаев Балалар мен жасөспірімдер шығармашылық орталығының директоры лауазымына тағайындалса, Г.Бердыбаева «директордың әдістемелік жұмысы бойынша орынбасары» лауазымында өз қызметін атқаруда.

Өздеріңіз байқап отырғандай, көптеген заңбұзушылық фактілер құқықтық «нигилизмнен» туындайды. Сол себептен, ондай фактілерді болдырмау мақсатында аудандық білім қызметкерлері кәсіподағымен бірге құқықтық инспектор оқу семинарларын жиі ұйымдастырып, дамытып отырады. Оның аудандық білім бөлімінің мамандары мен білім беру мекемелерінің басшылары және кадр жұмысымен айналысатын қызметкерлерге беретін көмегі көп.

Б. АЛПЫСБАЕВ,
Қордай ауданы бойынша құқықтық еңбек инспекторы.
Жамбыл облысы.

САБАҚТАСТЫҚ

ДІН МЕН ДӘСТҮР БІРЛІГІ – ҰЛТ БОЛАШАҒЫНЫҢ КЕПІЛІ

Дін мен дәстүр сабақтастығы – маңызды тақырып. Өйткені, соңғы кездері қазақты түрлі деңгейде Исламнан алыстатуға тырысушы пікірлер пайда болды. Кейбірі теріс пиғылмен әдейі әрекет етсе, енді бірі білместікпен надандық дәуіріне тартады. Бірі қазақ халқының негізгі діні бақсылық десе, енді бірі қазақ сахарасында басқа да діни дәстүрлер басым болды, қазақ мұсылманшылықтан алыс болды деген негізсіз пікірлерін тықпалайды.

Ар-ожданның ақ туын көтерген ата-бабаларымыз кейінгі ұрпағына осыншалықты кең-байтақ атамекенді аманесен жеткізді. Сонымен қатар, бізге ең басты байлықты – дін дәстүрлерімен өрілген теңдессіз ділімізді, ұлттық болмысымызды, салт-сана, әдет-ғұрпымызды атаның батасымен, ананың ақ сүтімен бойымызға дарытып кетті. Қоғамды ынтымаққа ұйытатын, бірлікке бастайтын құндылықтарды қадірлеуіміз қажет. Дәстүрлі дінінен, ділі мен тілінен, әдет-ғұрпынан ажыраған елдің болашағы жоқ. Сол үшін рухани құндылықтарымызды құнттай білгеніміз жөн. Тарих беттерін парақтап отырсақ, сонау 751 жылы Талас өзені бойындағы «Атлах» шайқасында ақиқат пен жалғанның ара-жігі айқындалды, Орта Азиядағы түркі халықтары шығыстағы алпауыт көршісінің шеңгелінен біржола құтқарылды. Яғни, Ислам дінінің келуімен ата-бабаларымыз азаттыққа, дербестікке қол жеткізді, дамудың жоғары сатысына көтерілді.

Салт-дәстүр – әр ұлттың, халықтың діні мен сеніміне, тұрмыс-тіршілігіне, ұлттық құрылым ерекшелігіне сәйкес, ғасырлар бойы жинақталып, өмірдің өзі туғызған ғұрыптардың жиынтығы, қауым мен қоғамда қалыптасқан мінез-құлықтың үлгілері. Салт-дәстүр ұлт үшін өмір сүру қағидасы, қоғам заңы болып негізделіп, сана, тағылым, тәрбие, тіршілік ережесі ретінде ел зердесіне рухани байлық, өнеге, тәжірибесін құрған. Бұл талаптар мен ережелерді халық бұлжытпай орындаумен бірге, оны құрметтемеген, сақтамаған адамдарды сол заң негізінде жазалап та отырған. Өткен заманда қазақ қоғамы үшін салт-дәстүр бұлжымас заң рөлін атқарды. Мысалы, той, наурыз көже, қыз ұзату, қонағасы, шашу, ерулік – ата салты болып саналады.

Салт-дәстүрдің ел арасындағы тәлімдік, тәрбиелік, халықтық мәні зор. Халықтың атадан балаға көшіп, дамып отыратын тарихи-әлеуметтік, мәдени-тұрмыстық, кәсіптік, салт-сана, мінез-құлық, тәлім-тәрбие және рухани іс-әрекетінің көрінісі дәстүр арқылы танылады. Салт-дәстүрлердің көпшілігі діннен үйлесетіндігін, түрлі халықтардың тарихын зерттеген ғалымдар жер бетінде ешқашан дінсіз, наным-сенімсіз ел болмағандығына анық көз жеткізді. Адамзат түрлі халықтардан, ұлт пен ұлыстан тұрады. Әрқайсысының өзіне тән ұлттық ерекшеліктері, тілі мен дәстүрі, діни нанымдары бар.

Мұндай алуан түрлілік – Алла Тағаланың хикметі. Жаратқан Ие былай дейді: «Әй, адам баласы! Шүбәсыз, сендерді бір ер, бір әйелден (Адам мен Хауадан) жараттық. Сондай-ақ бір-бірінді тануларың үшін сендерді ұлттар, рулар қылдық. Шынында, Алланың қасында ең ардақтыларың– тақуаларың. Шәксіз, Алла толық білуші, әр нәрседен хабар алушы». Осы аятқа зер салсақ, мынадай қорытынды шығарамыз: Алла Тағала адамзатты түрлі ұлттарға бір-бірлерін танулары үшін бөлген. Бір-бірін тануы арқылы олар өздерін таниды, ал өздерін танулары арқылы Жаратушыны таниды. Жер бетіндегі қаншама миллиондаған адамдардың түбі – бір, барлығы Адам атадан тарайды. Сондықтан да мұсылмандар басқа ұлттарды көргенде шарапатты аят-хадистерге сүйеніп: «Бәріміздің тегіміз – Адам ата, ал оның тегі – топырақ», – деп айтады. Адамзаттың Раббысы алдындағы ең қадірлі тобы болып саналатын мұсылман үмбетінің өзі неше түрлі ұлт-ұлыстардан құралған. Пайғамбар (с.ғ.с.) арабтан болып, Құран арабша түсті дегенмен мұсылмандардың барлығы арабтар емес. Керісінше, қазірде арабтар мұсылмандардың азғантай бөлігі болып саналады. Әлемде екі миллиардқа жуық мұсылман бар десек, соның үш жүз миллиондайы ғана арабтар. Ал, бір Үндістанның өзінде үш жүз миллионға жуық мұсылман бар. Енді осы мұсылман халықтарының әрбірінің тұрған жеріне, аймағына қарай өзіне тән нәсілдік, тілдік, ұлттық ерекшеліктері бар. Бірақ, барлығының діні, танымдық тұғыры бір болғандықтан салт-дәстүрлері, мәдениеті ұқсас болып келеді. Өйткені, бәрінің наным-танымы Құран мен хадиске негізделген. Орналасқан ортасына, табиғатына қарай әрбір мұсылман халқының өзіндік айырма белгілері, мәдениеті, тілі бар. Шариғат бұл айырмашылықтарды теріске шығармайды. Керісінше, заманы мен мекеніне қарай пәтуалардың өзгеруі мүмкіндігін ескертеді. Мұсылман халықтарының салт-дәстүрлерінің бәрі бірдей шариғат шарттарына сай келе бермейді. Олардың арасында надандық дәуірден қалған, мұсылманшылықпен қабыспайтын сарқыншақтар да болуы ықтимал.

Қазақ халқының Ислам дінімен таныс болғанына мың екі жүз жылдан астам уақыт өтті. Содан бері салт-санасы, әдет-ғұрпы, әдебиеті мен мәдениеті мұсылмандыққа бейімделіп, ақырында Ислам діні халық ділімен біте қайнасып, ұлттық болмыстың ажырамас бөлігіне айналды. Сондықтан мұсылман халықтарындағы дәстүрлерді елеп-екшейтін басты безбен – шариғат болып саналады. Алла Тағала: «Ғафу жолын ұста, ғұрыппен әмір ет және надандардан теріс айнал», – деп бұйырған. Алланың елшісіне (с.ғ.с.) пайғамбарлық түскен кезде арабтардың арасында да алуан түрлі әдет-ғұрыптар, дағдылар бар болатын. Пайғамбар (с.ғ.с.) олардың Жаратушының әмір-тыйымына керағар келмейтінін қабылдап, қарсы келетініне тыйым салды. Шариғатта халыққа үйреншікті болған жақсы дағдылар мен әдет-ғұрыптарды дәлел ретінде келтіруді барлық мазһабтардың имамдары қолдайды.

Қорытындылай келе, дін мен дәстүр бірлігі – ұлт болашағының кепілі. Кемеңгер ата-бабаларымыз бізге ұланбайтақ жерді ғана емес, ғасырлар бойы адамгершілік пен ізгілікке тәрбиелеп келген, қазақтың баға жетпес рухани мұрасы – ұлттық дәстүрлерді мирас етті. Еліміздің жастары рухани мирасты, ата дәстүрді, ғасырлар сынынан өтіп, сұрыпталып жеткен ұлттық құндылықтарды бойларына сіңіре білсе, бүкіл қоғамның тәрбиесі түзелмек.

Ұлттық құндылықтарымыз – еліміздің бірлігі мен берекесінің нышаны. Елімізде орныққан дінаралық татулық пен келісім – қазақ халқының дәстүрлі рухани құндылықтарын ұлықтауы мен дін саласындағы салиқалы саясаттың жемісі.

С. АРҒЫНБАЕВА,
Байзақ ауданы әкімдігі ішкі саясат бөлімі «Жастар ресурстық орталығы» КММ-інің Діни істері бөлімінің жастармен жұмыс жөніндегі маман теологы.
Жамбыл облысы.

ДІН ПРОБЛЕМАЛАРЫ

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ – ҰЛТТЫҢ ҚАЗЫНАСЫ МЕН ТІРЕГІ

Қай елді алып қарамайық, бәрінің дерлік өз ұлтын өзге ұлттан айшықтап тұратын құндылықтары бар. Сол іспетті қазақты қазақ етіп, халықтық қалпын сақтап, жаһанға танытқан – біздің ою-өрнегіміз, салт-дәстүріміз дейтін болсақ, бұлардың бәрін жалпылама ұлттық құндылықтарымыз деп топтастыруымызға болады. Атадан балаға мирас болып жеткен әдебиетіміз бен өнеріміз, тіліміз бен дініміз, ұлттық болмысымызсыз қазақ халқын елестету мүмкін емес.

«Ел боламын десең – бесігінді түзе» демекші, құнды қасиеттерді баланың бойына сіңіру, рухани бай тұлғаны қалыптастыру – оның сәби кезінен бастау алады. Әр адамға тән асыл қасиеттердің жиынтығы адамгершілік болса, адамгершілікке бай тұлғаны өсіруде ұлттық дәстүр мен тәрбиеге баса назар аударуымыз қажет.

Қазіргі таңда дінді өз мақсаты мен мүддесі үшін пайдаланып, бұғанасы қатып үлгермеген жастарға теріс жолды нұсқайтын теріс діни ағымдардың қарасы көп. Олардың қазақ қоғамы үшін қаупі – басқа алпауыт мемлекеттердің өз идеологияларын кіргізу арқылы мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық жағдайын тұрақсыздандыру.

Бұндай процесстердің легі орта ғасырда да көрініс тапқан. Мысал ретінде X–XI ғасырларда дін арқылы парсы идеологиясының мәдениетімізге тигізген ықпалының зор болғандығын келтіруге болады. Бұған дәлел «пайғамбар», «ораза», «намаз» және тағы басқа сөздердің қазақ тілі қорына парсы тілінен енуі. Жалпы, қазақ лексиконының қырық пайызға жуығы парсы тілінен енген кірме сөздерден тұрады.

Аталмыш мәселелерді дер кезінде байқаған ғалымдар өз еңбектерін көне түркі тілінде жазып бастап, түркі дүниетанымы мен ислам шариғатын ұштастыруға тырысқан.

Бір жағынан араб мәдениеті, екінші жағынан үнді-пәкістан мәдениеттері кең таралып тұрған қазіргі таңда да тарихтың қайталана бермектігін алға тарта отырып, діни проблемалардың шоғыры биік болып тұрған тұста әл-Фараби, Ахмет Иүгінеки сынды ғұламалар қоғамға ауадай қажет болған.

Қорыта айтқанда, XXI ғасырдағы қазақ ұрпағының басты міндеті – экономикамызды дамыта отырып, ұлттық құндылығымызды қорғап, дамытып, сақтай отырып әлемдік қауымдастыққа кірігу. Егер ұлттық құндылығымызды сақтай алмасақ, жаһандануға жұтылып кетеміз. Жаһандануға жұтылып кетпей, «Мәңгілік Ел» болып қалу үшін ұлттық құндылықтарымызды сақтап, қорғай білуіміз керек.

Себебі, ұлттық құндылық – ұлттың қазынасы мен тірегі.

А. САБЫРҰЛЫ,
Жамбыл облысы әкімдігі дін проблемаларын зерттеу орталығының бөлім басшысы.

АЛЕКСАНДРОВ АУЫЛЫНДА «ЗАТОБОЛ ЖЫЛУ ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ КОМПАНИЯСЫ» КМК-НЫҢ ӨТІНІМІ БОЙЫНША ЖАРИЯ ТЫҢДАУ ӨТЕДІ

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қостанай облысы бойынша департаменті «Затобол жылу энергетикалық компаниясы» КМК-ның магистральдық құбырлар мен тарату желілері (Александров ауылы) арқылы су беру қызметтеріне тариф жобасын талқылау бойынша жария тыңдау өткізілетіні туралы хабарлайды.

Жария тыңдау **2025 жылғы 3 маусымда сағат 11.00-де** Қостанай облысы, Александровка ауылы, Школьная көшесі 6, «Александров жалпы білім беретін мектебі» КММ мекенжайы бойынша өтеді.

«ZOOM» қосымшасы арқылы жария тыңдауға қосылу нөмірі - Конференция идентификаторы: 871 132 2725, Кіру коды: gQQB4P.

Анықтама телефондары: 8 (7142) 54-11-52, 54-28-76.

В СЕЛЕ АЛЕКСАНДРОВКА ПРОЙДЕТ ПУБЛИЧНОЕ СЛУШАНИЕ ПО ЗАЯВКЕ КГП «ЗАТОБОЛЬСКАЯ ТЕПЛОЭНЕРГЕТИЧЕСКАЯ КОМПАНИЯ»

Департамент Комитета по регулированию естественных монополий Министерства национальной экономики Республики Казахстан по Костанайской области сообщает о проведении публичного слушания по обсуждению проекта тарифа КГП «Затобольская теплоэнергетическая компания» на услуги по подаче воды по магистральным трубопроводам и распределительным сетям (села Александровка).

Публичное слушание состоится **3 июня 2025 года в 11.00 часов** по адресу: Костанайская область, село Александровка, улица Школьная 6, КГУ «Александровская общеобразовательная школа».

Номер для подключения к публичному слушанию посредством «ZOOM» - Идентификатор конференции: 871 132 2725, Код доступа: gQQB4P.

Справки по телефонам: 8 (7142) 54-11-52, 54-28-76.

СУДЬЯ МІНБЕРІ

СОТ САЛАСЫНЫҢ ТІРЕГІ

Судья – сот саласының негізгі тірегі. Судья және сот саласы қызметкерлерінің кәсіби мерекесінің бекітілуі – сот саласында қызмет етушілер үшін үлкен мәртебе. Өйткені, сот қызметтерінің азаматтарға арнаған сервистерді дамыту, сот төрелігіне азаматтардың қол жетімділігін жеңілдету, цифрландыру және роботтандыру сияқты жаңалықтарымыз қарқынды дамып, қазіргі таңда оңтайлы жұмыс істеуде. Соның арқасында сот жүйесі барынша жетілдіріліп, маңызды құжаттар электронды форматта жүзеге асып келеді.

Еліміздің сот жүйесін Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты, Қазақстан Республикасының Конституциясына және Конституциялық Заңға сәйкес құрылатын жергілікті және басқа соттар құрайды. Ешқандай өзге органдар мен тұлғалардың судья өкілеттігін немесе сот билігі функцияларын иеленуге құқығы жоқ.

Сот билігі Қазақстан Республикасының атынан жүзеге асырылады және азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғауға, Республика Конституциясының, заңдарының, өзге де нормативтік-құқықтық актілерінің, халықаралық шарттарының орындалуын қамтамасыз етуге қызмет етеді.

Бүгінгі сот жүйесі еліміздегі түбегейлі өзгерістермен тікелей байланысты реформаларды бастан өткеруде. Реформалардың мақсаты – сот жүйесін халыққа жақындатып, мықты әрі тиімді, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын сенімді қорғауға қабілетті жүйе құру.

Судья сот төрелігін іске асыру кезінде тәуелсіз және Конституция мен заңға ғана бағынады. Ал, заң мен сот алдында жұрттың бәрі тең. Ендеше, судьяның әділ төрелікті деп басып айтуы маңызды. Осы бағыттағы сот жүйесіндегі реформалар тәуелсіз Қазақстанның Жаңа Қазақстан құру жолында әділ сот төрелігін құру үшін судьялардың жауапкершілігін, көтерер жүгін арттырады. Сәйкесінше, сот корпусына талаптар күшейтілді.

Сот саласында еңбек ететін қызметкерлердің функционалдық міндеттері үлкен жауапкершілікті талап ететіні анық.

Судья – сот саласының тірегі болса, ал сот ғимаратына кірген азаматтарды қабылдап, сұрақтары бойынша бағыт-бағдар беретін – сот кеңсесінің мамандары.

Кеңсе меңгерушісі – сот кеңсесінің жұмысы мен соттағы іс жүргізуді ұйымдастырады.

Бас маман – сотқа түсіп қаралған істер мен материалдар бойынша іс қағаздар жүргізу, істерді қабылдау, есепке алу, сақтау және сараптамалық есептер жүргізіп отырады.

Бас маман-сот отырысының хатшысы – сот отырысын толық ұйымдастырып, азаматтардың сотқа келуін қамтамасыз етіп, сот отырыстарының хаттамаларын әзірлейді.

Аға сот приставы – сот отырысы кезінде залда тәртіп сақтау, сот үйлерін күзетуді, судьяларды және процестың қатысушыларын күзету қызметтерін жүзеге асырады.

Жетекші мамандар – сот жұмысының жариялығын қамтамасыз етіп, кіріс-шығыс журналдарын толтырып, мұрағат қызметін ұйымдастырумен айналысады.

Мінекей, осындай сала мамандары үлкен істердің басын құрап, еліміздің сот жүйесін ілгері дамытуда еңбек етуде.

А. АБДУЛЛАЕВА,
Талас аудандық соты әкімшісінің жетекші маманы.
Жамбыл облысы.

САДОВОЕ АУЫЛЫНДА «ЗАТОБОЛ ЖЫЛУ ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ КОМПАНИЯСЫ» КМК-НЫҢ ӨТІНІМІ БОЙЫНША ЖАРИЯ ТЫҢДАУ ӨТЕДІ

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қостанай облысы бойынша департаменті «Затобол жылу энергетикалық компаниясы» КМК-ның магистральдық құбырлар мен тарату желілері (Садовое ауылы) арқылы су беру қызметтеріне тариф жобасын талқылау бойынша жария тыңдау өткізілетіні туралы хабарлайды.

Жария тыңдау **2025 жылғы 9 маусымда сағат 11.00-де** Қостанай облысы, Садовое ауылы, Ленин көшесі 15, «Садовый жалпы білім беретін мектебі» КММ, акт залы мекенжайы бойынша өтеді.

«ZOOM» қосымшасы арқылы жария тыңдауға қосылу нөмірі - Конференция идентификаторы: 871 132 2725, Кіру коды: gQQB4P.

Анықтама телефондары: 8 (7142) 54-11-52, 54-28-76.

В СЕЛЕ САДОВОЕ ПРОЙДЕТ ПУБЛИЧНОЕ СЛУШАНИЕ ПО ЗАЯВКЕ КГП «ЗАТОБОЛЬСКАЯ ТЕПЛОЭНЕРГЕТИЧЕСКАЯ КОМПАНИЯ»

Департамент Комитета по регулированию естественных монополий Министерства национальной экономики Республики Казахстан по Костанайской области сообщает о проведении публичного слушания по обсуждению проекта тарифа КГП «Затобольская теплоэнергетическая компания» на услуги по подаче воды по магистральным трубопроводам и распределительным сетям (села Садовое).

Публичное слушание состоится **9 июня 2025 года в 11.00 часов** по адресу: Костанайская область, село Садовое, улица Ленина 15, КГУ «Садовая общеобразовательная школа», актовый зал.

Номер для подключения к публичному слушанию посредством «ZOOM» - Идентификатор конференции: 871 132 2725, Код доступа: gQQB4P.

Справки по телефонам: 8 (7142) 54-11-52, 54-28-76.

SALYQ TÁRTIBI

БАС РЕДАКТОР

Ғалым ҚАСАБАЙ

МЕНШІК ИЕСІ: «САЛЫҚ ТӘРТІБІ» газетінің редакциясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 2018 жылғы 20 желтоқсанда қайта тіркеліп, №17405-Г куәлігі берілген.

Индекс 65604

Мақала авторларының пікірлері редакцияның көзқарасына сай келе бермеуі мүмкін. Қолжазбаға пікір айтылмайды және авторға қайтарылмайды.

ГАЗЕТ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНА ТАРАЙДЫ

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:

080003, Тараз қаласы, Төле би көшесі, 36 «Б», тел.: 8 /7262/ 45-34-52, факс: 43-56-97

e-mail: saltar61@mail.ru
Электрондық сайтымыз: www.salyq-gazet.kz

Басылым аптасына 3 рет шығады.

Таралымы 17 357

Апталық таралымы 52 071

ГАЗЕТ «Қанатты қалам әлемі» ЖШС-нің баспаханасында теріліп, басылды

080003, Тараз қаласы, Төле би көшесі, 36 «Б»

Тапсырыс 345